



Тұнғыш Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – мемлекетіміздің жаһандану заманында жүтілген кетпей, үлттық генетикалық кодымызды сақтай отырып жаңғыруға жол сілтейтін бағдаршамы. Бәсекеге қабілетті үлт болу үшін болашаққа қалай қадам басып, рухани тұрғыдан қалай жаңғыру қажеттігі мақалада нақты көрсетілген.

Тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыруға бағытталған мақалада Елбасы сананы дамытудың негизі ретінде алынған алты бағытты көрсетеді. Бұл бағыттар – бәсекелік қабілеттілік, праг-

Білімдіге дүние жарық...

матизм, үлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сана-нын ашықтығы.

«Білімнің салтанат құруы» деп атала-тын төртінші тарауында көрсетілген мін-деттер бүтінгі күннің басты талабы деп са-наймын. Қазақстанның болашағы, бүтінгі жас буын екілдеріне қажетті бағдар – терең білімді, ағылшын тілін менгеру, көсіби ма-мандық алып шығу. Әлемдік стандарттар-ға білім беру жүйелерін қалыптастырмай, әлемдегі ең озық мемлекеттердің қатарына қосылу еш мүмкін емес. Бұл ретте жаһандық жаңа қатерлерге қарсы адами капиталды да сапалы дамыту қажет. Ал, адами капиталдың өзегі – білім. Сондықтан да

Елбасының бұл басымдық бойынша білім саласы қызметкерлерінә қойып отырған та-лабы – жаңа оқыту әдістері мен тәсілдерін менгере отырып халықаралық стандарттар деңгейіне сай білім беру.

Сондықтан да мақаладағы білім және тәрбиеге қатысты талаптар ел азаматтарына, әсіресе, жастарға үлкен міндеттер жүктеп отыр. Мақаладағы «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы – білім екенін әркім терең түсіну керек. Жастарға басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Күндылықтар жүйесінде білімді бөрінен де жоғары қоятын үлт қана табысқа жетеді» деген пайымды пікір әрбір адамның өмірлік аксиомасына айналуы тиіс. Сонымен қа-

тар еліміздің білім беру жүйесіндегі рефор-малар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір азаматтың ойлауына, өткені мен бүгіні, ке-лешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұ-мыс істеуіне негіз болады деп үміттенеміз.

А.БАЛАБЕКОВ,

**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
«Дене тәрбиесі теориясы мен
әдістемесі» кафедрасының доценті,
педагогика ғылымдарының
кандидаты.**

А.СЕНКЕБАЕВА,

**«Биология және география»
кафедрасының доценті, биология
ғылымдарының кандидаты.**